

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ
«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»



«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

" 15 " Қараша 2024 ЖЫЛ
№ 46

СТАРТАП-ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫ
"Жас кәсіпкер Abai University"
Ережесі

Әзірленді	Келісілді
Абдигапбарова У.М.	Сұлтан Е. Нарбекова Б.М. Аменова К.А. Искакова А.Т. Мусабаев Н.Б. Жақауов М.Д. Ішпекбаев Ж.Е. Желдыбаева А.Ж.

Алматы, 2024 г.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. "Жас кәсіпкер Abai University" стартап жобалар байқауы (бұдан әрі - Байқау) туралы ереже шарттарын және жобаны ұйымдастырушылар мен оның қатысушылары арасындағы өзара қарым-қатынастардың жалпы қағидаларын айқындайтын құжаттар болып табылады. Осы Ереже "Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті" КеАҚ Басқарма Төрағасы-Ректоры бекіткен Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2023-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасына сәйкес әзірленді.

1.2. "Жас кәсіпкер Abai University" университеттің жас зерттеушілерінің кәсіпкерлік белсенділігін дамыту және университет білім алушыларын бизнес-жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысуға ынталандыру кәсіпкерлік әлеуетін көтеруге мақсатында әзірленді.

1.3. Байқауды Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) ұйымдастырады.

1.4. Талаптардың орындалуын үйлестіруді және бақылауды Ғылым департаменті, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру кеңсесі (бұдан әрі – ҒҒТҚН коммерцияландыру кеңсесі) қамтамасыз етеді.

2. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Терминдер	Анықтамалар
Бизнес-идея	Өз бизнесіңізді, стартап жобаныңды құру идеясы
Өтініш беруші	СТУДЕНТТЕР ҮШІН: Университеттің білім алушысы, яғни 1-3 курс студенті, 1 курс магистранты, 1-2 курс докторанттары және 40 (қырық) жасқа дейінгі (қоса алғанда) постдокторанттар. ОҚЫТУШЫЛАР ҮШІН: Профессор-оқытушылар құрамы 40 (қырық) жасқа дейін (қоса алғанда).
Өтінім	Байқауға қатысу үшін өтініш беруші беретін жоба мен орындаушылардың толық сипаттамасы бар құжат. Өтінім нысаны Байқауды ұйымдастырушылар мен серіктестердің ақпараттық ресурстарында орналастырылады.
Байқау комиссиясы	Байқауға қатысушылардың өтінімдері мен презентацияларын бағалауды және іріктеуді жүзеге асыратын университет және басқа ұйымдардың өкілдерінен тұратын сараптамалық топ.
Тәлімгер	Байқау қатысушыларға кәсіпкерлікті жүргізу және дамыту мәселелері бойынша кеңес беру үшін Байқау шеңберінде тартылатын тәжірибелі кәсіпкер немесе жоғары білікті маман.
Байқау Женімпазы	Ең көп балл жинаған Байқауға қатысушы, байқаудың соңғы кезеңінде Байқау комиссия мүшелері ұсынған тұсаукесерлер
Жоба тобы	Қазақстан Республикасы азаматтарының тобы (3 (үш) адамнан аспайды) 17 жастан 40 жасқа дейін (қоса алғанда) кәсіпкерлік -идеяны іске асыруға тартылған. Жоба өтінімінде топтың құрамы көрсетіледі.
Demo Day	Байқауға қатысушылар өздерінің стартап-жобаларын қазылар алқасы мүшелері мен әлеуетті инвесторлар алдында таныстыратын Байқаудың соңғы кезеңі
Байқау комиссиясінің хатшысы	Байқауды ұйымдастырушылардың өкілі стартап-жобалардың тұсаукесерінде Байқау комиссиясы мүшелерінің дауыстарын есептеуді жүзеге асыратын, сондай-ақ соңғы кезеңнің хаттамасын жасайды. Байқау комиссиясы хатшысы Қазылар

	алқасының мүшесі бола алмайды.
Стартап/ Стартап-жоба	Кәсіпкерлік креативті жоба Кәсіпкерлік-идеяның пайда болу кезеңінен кәсіпкер тіркелген күннен бастап 3 (үш) жыл мерзім өткенге дейін
Байқау Қатысушы	Байқауға қатысу үшін іріктеуден өткен өтініш беруші
StartUp Weekend	Жас және ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер және профессор-оқытушылар құрамына бизнес-тәлімгерлер мен тартылған сарапшылардың көмегімен 48 сағат ішінде өз идеяларын дұрыс бағытта жедел дамытуға көмектесетін іс-шара. Ұйымдастырушылар екі күн ішінде жас кәсіпкерлерге және профессор-оқытушылар құрамына бизнес-идеясын пысықтауға немесе өзгертуге, оны неден бастау керектігін түсінуге көмектеседі
Өтінімдердің электрондық базасы	Байқауда қатысуға келіп түскен өтінімдердің электрондық түрде толтырылған жалпы базасы: Электрондық мекен-жайы: abayventure@abaiuniversity.edu.kz https://docs.google.com/forms/d/1h-xKzZGbkVqTBFJqUJxP2Yq9MP_JB1S_rGuZzqKJPLo/edit

3. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕ

Байқаудың Мақсаты	Өмір сапасы стандарттарын жетілдіруге бағытталған Жас кәсіпкерлер мен профессор-оқытушылар құрамы кәсіпкерлерінің әлеуметтік маңызы бар кәсіпкерлік -бастамаларын қолдау.
Байқау Міндеттері	СТУДЕНТТЕР ҮШІН Байқау міндеттері. 1) жас зерттеушілер арасында кәсіпкерлік қызметті танымал ету; 2) жас кәсіпкерлердің кәсіби және жеке дамуына жәрдемдесу; 3) ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерді тәжірибелі тәлімгерлермен қолдау; ОҚЫТУШЫЛАР ҮШІН: 1) профессорлық-оқытушылық құрам арасында кәсіпкерлік қызметті танымал ету; 2) профессорлық-оқытушылық құрам кәсіпкерлерінің кәсіби және жеке дамуына жәрдемдесу; 3) ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерді тәжірибелі тәлімгерлермен қолдау;
Байқауды өткізу орны	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Байқау жеңімпаздардың гранттар сомасы	I орын, II орын, III орын үшін байқау жеңімпаздарына грант көлемі комиссияның шешімі бойынша, және университеттің даму жоспары бойынша айқындалады
Байқау Кезеңдері	1. Онлайн тіркеу, өтінімдерді жинау 2. Іріктеу кезеңі. Абай атындағы ҚазҰПУ базасында іріктеу 3. Финал. Demo Day Абай атындағы ҚазҰПУ базасында

4. БАЙҚАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАРЫСЫ

4.1. Байқауға қатысу үшін осы Ереженің №1 қосымшаға сәйкес онлайн өтінімінің жіберіп, Байқауды ұйымдастырушының ресми сайтында орналастырылады.

4.2. Ұйымдастырушылар өтінім берушіден, қосымша ақпаратты сұрату құқығына өзіне қалдырады.

4.3. Өтінімдер электрондық мекен-жай бойынша қабылданады:
abayventure@abaiuniversity.edu.kz

4.4. Өтінімдерді қабылдау аяқталғаннан кейін Байқау қатысушылары/жобалау тобы, осы Ереженің 4.3-тармағында ұсынылған электрондық поштаға презентация түрінде стартап жобаның сипаттамасын жіберуі тиіс. Презентация келесі ақпаратты қамтуы керек (10 слайдтан аспауы керек):

- стартап-жобаның атауы;
- стартап-жобаның мақсаты мен міндеттері;
- стартап-жобаның сипаттамасы;
- мәселе және шешім: экологиялық әсер, әлеуметтік маңыздылық;
- сұраныс / нарық: тауарға/жұмысқа/ қызметке/ басқа мақсатты топқа сұраныс;
- түйінді ойлары, жүзеге асырудың негізгі кезеңдері және күтілетін нәтижелер (инновациялық өнім);
- бәсекелестер, негізгі бәсекелестермен салыстыру;
- маркетинг және сату;
- бизнес құрамдас бөлігі;
- ағымдағы мәртебе және жоспар;
- қаржыландыру көлемі, өтелу мерзімі/ құрылатын жұмыс орындарының саны (бизнес түйіндеме);
- команда, байланыстар.

4.5. Финалдық кезеңге қатысу үшін байқау жеңімпаздарын іріктеу, қатысушылардың сөз сөйлеуі негізінде жүргізіледі.

4.6. Байқаудың соңғы кезеңіне қатысу үшін қатысушыларды іріктеу жөніндегі байқау комиссияның шешімін, осы Ереженің №2 қосымшасына сәйкес ресімделеді.

4.7. Соңғы кезеңде Байқау қатысушылары жоба бойынша макеттер, эскиздер, презентацияларын Байқау комиссиясында қорғайды (бір презентацияға бес минуттан артық емес).

4.8. Қорытынды кезеңде Комиссия мүшелері Байқаудың әрбір қатысушысына балл қою арқылы шешім қабылдайды, осы Ереженің №3 қосымшасына сәйкес ресімделеді.

4.9. Финалдық кезеңде басым балл жинаған қатысушылары Байқау жеңімпаздары атанады. Стартап жобаны жүзеге асыру кезеңінде "Абай атындағы ҚазҰПУ" КеАҚ аффилиациясын көрсету міндетті.

4.10. Жобаны іске асыру кезеңінде, Байқау жеңімпаздары стартап жобаларының барысын Абай атындағы ҚазҰПУ Ғылым департаментінің ҒҒТҚН коммерцияландыру кеңсесімен ынтымақтастық атқарады.

4.11. Финалдық кезеңде жеңімпаздар ақшалай сертификаттармен марапатталады.

4.12. Байқау жеңімпазы жобаның нәтижесін Абай атындағы ҚазҰПУ атынан 1 (бір) жыл ішінде коммерцияландыруы тиіс.

4.13. Абай атындағы ҚазҰПУ Ғылым департаментінің ҒҒТҚН коммерцияландыру кеңсесі қаржылық қолдау алған жеңімпаздардан жоба есебі мен нәтижелері бойынша мәлімет алуға құқылы.

4.14. Байқау жеңімпазы Абай атындағы ҚазҰПУ, ҒҒТҚН коммерцияландыру кеңсесіне жобаны коммерцияландыру бойынша 6 (алты) айда есеп тапсыруы міндетті.

4.15. Байқау жеңімпаздары өздерінің функционалдық міндеттерін орындау туралы Абай атындағы ҚазҰПУ-мен келісімшарт жасайды.

5. БАЙҚАУ ШАРТТАРЫ

5.1. Байқауға қатысу кезеңінде жобаның өтініш берушісі тек Абай атындағы ҚазҰПУ-дың

білім алушыларының ғана сөз сөйлеуге құқығы бар. Бизнес-идеяны іске асыруға тартылған 17 жастан 40 жасқа дейінгі (қоса алғанда) Қазақстан Республикасының азаматтары 3 (үш) адамнан аспайтын) жобалау тобының қатысушылары бола алады. Жобалық топ Байқаудың бір қатысушысы ретінде қарастырылады.

5.2. Өтініш беруші Байқау өткізудің шарттарымен және мерзімдерімен ұйымдастырушының ресми сайтында танысады.

5.3. Байқауда қатысуға өтінім осы Ережеде көзделген талаптармен және шарттармен конкурсқа қатысуға үміткер конкурсқа әлеуетті қатысушының келісімін білдіру нысаны болып табылады.

5.4. Байқауға өтініш берушілер тарапынан қатысу өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

5.5. Белгіленген күндерден кейін келіп түскен өтінімдер қаралмайды.

6. БАЙҚАУ ӨТКІЗУ КЕЗЕҢДЕРІ

6.1. Байқауды өткізу кезеңі - байқау жарияланған күннен бастап 60 күн;

6.2. Өтінімдерді жинау - 3 апта;

6.3. Байқаудың іріктеу кезеңі (жобаларды қорғау);

6.4. Байқаудың финалы, Demo Day (жобаларды, презентацияларды, бизнес түйіндемелерді, макеттерді, эскиздерді және т. б. қорғау).

7. БАЙҚАУ КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

7.1. Байқау кеңесі мүшелерінің осы Ережеде баяндалған конкурс талаптары мен ережелерін қатаң сақтауға міндеттенеді.

7.2. Байқау кеңесі мүшелерінің Байқау мақсаттарына, міндеттері мен критерийлеріне сәйкес өтініш берушіні таңдау жөнінде бейтарап шешім шығаруға міндеттенеді.

7.3. Байқау кеңесі мүшелерінің Байқауды іске асырудың барлық уақыты ішінде өтініш берушінің, Байқауда қатысушылардың жеке өміріне, денсаулық жағдайына, саяси көзқарастарына, діни және өзге де тиесілілігіне және т.б. қатысты жеке сипаттағы мәліметтерді құпия сақтауға міндеттенеді.

8. СОҢҒЫ КЕЗЕҢНІҢ ПРЕЗЕНТАЦИЯЛАРЫН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

8.1. Іріктеу кезеңінің презентацияларын бағалау критерийлері:

- Жобаның шығармашылығы мен бірегейлігі;

- Әлеуметтік маңыздылығы;

- Экологиялық әсер;

- Презентацияларды дайындау деңгейі;

8.2. Соңғы кезеңде Байқау қатысушылардың жобасын бағалау критерийлері:

- шығармашылық және бірегейлік;

- жобаның маңыздылығы;

- құрылатын жұмыс орындарының саны;

- жоба презентациясының сапасы (сөйлеу және қорғау);

- идеяны пысықтау сапасы;

8.3. Байқауда қатысушының Стартап-жобасын бағалаудың әрбір критерийі I (бір) - ден 5 (бес) дейінгі баллмен бағаланады:

1 - ұсынылған материалдар осы талаптар бойынша Стартап-жобаны бағалауға мүмкіндік бермейді;

2 - нәтиже теріс және/немесе критерий ішінара көрсетілген және ашылмаған;

3 - бейтарап нәтиже және/немесе критерий бойынша бар, бірақ жеткіліксіз, дәлелдер жоқ;

4 - кішігірім оң нәтиже және / немесе критерий көрініс табады және ашылады, бірақ егжей-тегжейлі аспектілерді толық қамтымайды;

5 - маңызды оң нәтиже және/немесе критерий сапалы түрде көрсетілген және жан-жақты ашылған;

9. БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫНА СЕРТИФИКАТ ТАБЫСТАУ

9.1. Байқау жеңімпаздарының тізімі Ұйымдастырушының және БАҚ-тың барлық әлеуметтік желілерінде жарияланады.

10. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

10.1. Байқауға қатысты барлық сұрақтар мен ұсыныстар электрондық мекен-жай бойынша жіберіледі: abayventure@abaiuniversity.edu.kz

Ережеге №1 қосымша
Стартап-жобалар байқауы
"Жас кәсіпкер Abai University"

Стартап-жобалар Байқауда қатысуға өтінім
"Жас кәсіпкер Abai University"

Өтініш берушінің аты-жөні (толық)	
Жобалау тобы болған кезде (Аты-жөнін көрсету (толық))	
Қатысушылардың жасы	
Өтініш берушінің тұрғылықты мекенжайы (нақты)	
Өтініш берушінің E-mail:	
Өтініш берушінің байланыс телефоны (моб.):	
Instagram Логині	
Стартап-жобаның атауы:	
Қызмет түрі: (өндіріс, сату, қызметтер және т. б.)	
Бизнес-идеяның негізгі мәні (400 сөзден артық емес):	
Жоба кезеңі: (Идея, прототип, бірінші сату, грант алу, инвестор іздеу, пысықталған бизнес-идея)	
Қажетті қаржы құралдары Бизнес-идеяны іске асыру:	

Мен "Жас кәсіпкер Abai University" Байқау туралы ережеде баяндалған Байқау шарттарымен танысқанымды және келісетінімді растаймын.

Мен осы өтінімде көрсеткен барлық ақпарат өтінім беру сәтінде дұрыс және өзекті болып табылатынын растаймын.

Ережеге №2 қосымша
Стартап-жобалар байқауы
"Жас кәсіпкер Abai University"

Байқауға қатысушылардың презентацияларын бағалау Хаттамасы

Алматы қ.

« ____ » _____ 20 ____ г

№ п/ п	Өтініш берушінің аты-жөні (толық)	Стартап-жобаның атауы	Критерий 1	Критерий 2	Критерий 3	Критерий 4	Критерий 5
1							
2							

КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ:

1	_____	Аты-жөні
2	_____	Аты-жөні
3	_____	Аты-жөні
4	_____	Аты-жөні
5	_____	Аты-жөні
6	_____	Аты-жөні

Ережеге №3 қосымша
Стартап-жобалар байқауы
"Жас кәсіпкер Abai University"

Соңғы кезеңінің Хаттамасы

Алматы қ.

« ____ » _____ 20__ г

№ п/ п	Өтініш берушінің аты-жөні (толық)	Стартап-жобаның атауы	Критерий 1	Критерий 2	Критерий 3	Критерий 4	Критерий 5
1							
2							

КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ШЕШІМІ:

Бірінші орын:

Стартап-жоба _____

Жобалау тобы _____

Екінші орын:

Стартап-жоба _____

Жобалау тобы _____

Үшінші орын

Стартап-жоба _____

Жобалау тобы _____

КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ:

1	_____	Аты-жөні
2	_____	Аты-жөні
3	_____	Аты-жөні
4	_____	Аты-жөні
5	_____	Аты-жөні
6	_____	Аты-жөні